

2015 жылға субсидиялар алуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және ауыл шаруашылығы дақылдарының оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 2389 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 қыркүйекте № 5872 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 5 қазандағы № 2747 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 05.10.2015 № 2747 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы №4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ**

Е Т Е Д І :

1. 2015 жылғы 9 шілдеден 10 шілдеге дейін субсидиялар алуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдері айқындалсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2015 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері айқындалсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 25 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Ә к і м н і ң

міндетін атқарушы Қ. Сәндібеков
Қостанай қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 2389 қаулысына қосымша

2015 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері
1.	Жаздық жұмсақ бидай	15 мамырдан 12 маусымға дейін
2.	Жаздық қатты бидай және соя	18 мамырдан 5 маусымға дейін
3.	Күздік бидай және күздік қара бидай	25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін
4.	Сұлы және арпа	15 мамырдан 15 маусымға дейін
5.	Тары және қарақұмық	20 мамырдан 15 маусымға дейін
6.	Бұршақ тұқымдастар	15 мамырдан 10 маусымға дейін
7.	Күнбағыс	10 мамырдан 5 маусымға дейін
8.	Рапс	20 мамырдан 8 маусымға дейін
9.	Мақсары	10 мамырдан 2 маусымға дейін
10.	Зығыр	12 мамырдан 5 маусымға дейін
11.	Қыша	22 мамырдан 8 маусымға дейін
12.	Арыш	жазғы – 18 мамырдан 8 маусымға дейін, күзгі – 25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін
13.	Бақша дақылдары	25 сәуірден 10 маусымға дейін
14.	Жемшөп (бір жылдық шөптер, ағымдағы жылдың көп жылдық шөбі), 1-3 өсу жылдарындағы көп жылдық бұршақ тұқымдас шөптер және шабындық жерлерді шалғындандыру үшін (түпкілікті жақсарту үшін) егілген бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы көп жылдық шөптер	бірінші мерзім – 1 мамырдан 10 маусымға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден 31 тамызға дейін
15.	Сүрлемдік жүгері, күнбағыс және суармалы күнбағыс	15 мамырдан 5 маусымға дейін
16.	Көкөніс және тамшылатып суарылатын көкөністер	25 сәуірден 15 маусымға дейін
17.	Қорғалған топырақта өсірілетін көкөністер	көшет алу үшін – 10 наурыздан 30 наурызға дейін
18.	Картоп және тамшылатып суарылатын картоп	5 мамырдан 10 маусымға дейін